

ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ
HISTORY, PHILOSOPHY AND SOCIOLOGY

ҒТАМР 03.20

XX Ғ. 30- ЖЫЛДАРДАҒЫ АСТЫҚ НАУҚАНЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ
КҮШТЕУ ШАРАЛАРЫ

ЕСПЕНБЕТОВА А.М. [0000-0003-0026-9678]*

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан (Ақтөбе)

*e-mail: aikami@mail.ru

Аңдатпа. Мақала XX-шы ғасырдың 30-шы жылдарындағы кеңес үкіметі билігі кезеңіндегі Қазақстанның ауыл шаруашылығының даму тарихына арналған. XX –шы ғасырдың 30-шы жылдары - Кеңестік социалистік республикалар одағының даму тарихындағы ең ауыр, трагедиялы кезең болып табылады. Мақалада кеңестік құрылысты дамытуға бағытталған ауыл шаруашылығына қатысты кеңес үкіметінің саясаты ретінде шаруаларды жерге күштеп отырықшыландыру, ауыл шаруашылығында астық пен ет дайындау науқанын жүзеге асыруда асыра сілтеушілікке жол берілгендігі қарастырылады. Астық дайындау науқанын жүзеге асырудағы колхоздардың әлеуетіне қарамай, жалаң, ұраншыл саясатқа негізделген шамадан тыс жоспарлар және оны орындатудағы күштеу шараларының ақыры саяси қуғын - сүргінге, қылмыстық жауапкершілікке тартуға, халықтың мал-мүлкін тәркілеуге, жер аударуға ұласқандығы талданады. Кулактарды тап ретінде жоюды көздей отырып, оларды меншіктерінен айыруын, орташалар мен кедей шаруаларға «астығын тықты» деген айып тағып күштеу, мәжбүрлеу әдіс-тәсілдерінің қолданылуы, сондай-ақ кеңестік саясатқа қарсылық көрсеткендерге түрлі айыптар тағылуы, нәтижесінде оларды түрлі қылмыстық жауапқа тартып жазалануын архивтік деректер негізінде зерттеледі

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, қоғам, астық дайындау, қуғын-сүргін, күштеу шаралары

Кіріспе. XX ғ. 30 жылдары Кеңес ауылының өміріндегі ең қиын және қайғылы жылдардың бірі. Ол экономикалық және саяси науқандар – астық дайындау, отырықшыландыру, ұжымдастыру сынды ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар кезінде зорлық пен мәжбүрлеудің, күштеу мен қуғын-сүргіннің кеңінен қолданылуымен сипатталады. Азық-түлік секторындағы күтпеген дағдарыс астық ресурстарын ұстаушыларға қарсы шұғыл шаралар қабылдауға әкелді. Кеңес үкіметі астық дайындау науқанын жүзеге асыруда кедергілер ретінде белгіленген бай кулактарды тап ретінде жоюға кірісті. «Астығын тықты» деген желеумен орташалар мен кедей шаруаларына жер аудару саясаты жүргізілді, ақыр соңында РКФСР Қылмыстық кодексінің 61 және 107-баптары бойынша заңды

жауапкершілікке тарту, шаруаларды жаппай тұтқындау, олардың шаруашылықтарын сату жүзеге асырылды.

Зерттеу әдістемесі. Тарих ғылымының жүйелілік, объективілік, тарихилық принциптері басшылыққа алынды. Тарихи оқиғаларды талдауда проблемалық-хронологиялық, тарихи-салыстырмалық, типологиялық әдістер кеңінен қолданылды. Мақаланы жазу барысында бұрын ғылыми айналымға енбеген архив материалдары қолданылды. Архив құжаттарын сараптап, іріктеу деректанулық сын, логикалық жүйелеу, талдау әдістері негізінде жүзеге асты.

Нәтижелер және оны талқылау. Кеңестік тарихнамада астық дайындау науқаны арнайы мәселе ретінде зерттелмеді, тек ұжымдастыру мәселесін зерттеуде жанама қарастырылды. Көп уақыт бойы ауыл шаруашылығын кеңестендірудегі күштеу шаралары назардан тыс қалған болатын. Зерттеуші А. Б. Тұрсынбаевтың еңбегінде шаруалардың наразылықтары мен басқа жерлерге ауа көшуінің басты себебі, бай-кулактардың бүліншілігі деп түсіндірілді [1]. Қазақстандағы аграрлық саясаты зерттеген Г. Дахшлейгер еңбегінде астық дайындау жылдарындағы қазақ ауылындағы қиындықтар мен оны жүзеге асырудағы Компартияның басшылығы алпы сипатталады және Кеңес үкіметінің төтенше шараларды жүзеге асырғандығын жалпы қарастырылады [2, 460 с.]. Ж. Жұмабековтің зерттеуі астық дайындау науқандары кезінде асыра сілтеушілік болғанындығын алғаш рет көрсетуімен ерекшеленеді [3]. Мемлекеттік астық және ет дайындау науқандарының тонаушылық сипаты алғаш рет XX ғасырдың 80-ші жылдардың соңына қарай айтыла бастады.

XX ғ. 80-ші жылдарының соңында алғаш рет ауыл шаруашылығында астық дайындау науқанының шаруаларға бағытталған репрессиямен ұласқандығын М. Қозыбаев [4], Ж. Абылхожин [5], Қ. Алдажұмановтардың бірлескен еңбегінде де атап көрсетілді [6]. Тарихшы Т. Омарбековтың зерттеуінде астық пен ет дайындау науқандарының дағдарысына арнайы тарау арналған [6]. Зерттеуші Қ. Алдажұмановтың зерттеуінде 1929 жылдың күзіндегі Сырлария округы Бостандық ауданындағы. Қарақалпақстанның Тақтакөпір, Қоңырат аудандарындағы шаруалар көтерілісінің тұтануына астық дайындау бойынша көрсетілген қысым әсер еткені баяндалған.

1929-шы жылдың күзіндегі Сырдария округының Бостандық ауданындағы, Қарақалпақстанның Тақтакөпір, Қоңырат аудандарындағы шаруалар көтерілісінің тұтануына астық дайындау бойынша көрсетілген қысым әсер еткені баяндалған. [6].

Козлов А. П. Қазақстандағы 1927-1928 жылдарлағы астық дайындау дағдарысын өз мақаласында қарастырады [7]. Автор ауылдағы күрделі әлеуметтік катаклизмдерге әкелген дағдарыстың себептері мен одан шығу жолдарын талдайды.

Астық науқанын дайындау мәселесі Ресей тарихшыларының назарынан да тыс қалмады. Белгілі ғалым Н. А. Ивницкийдің «Кеңес өкіметінің ауылдағы қуғын-сүргін саясаты» еңбегі осы мәселені зерттеудің үлгісі болып табылады. 40 жылдық еңбегінің нәтижесін жариялай отырып, автор Кеңес үкіметінің ауылға қатысты саясатын сипаттап, талдап, 1920 жылдардың аяғындағы астық сатып алу, ұжымдастыру және меншігінен айыру кезіндегі «төтенше шараларға» баға береді. Ивницкий Н.А. бұрынғы Кеңес Одағының аса құпия архивтерінің (Президент архиві, ФКК архиві) материалдарын жан-жақты зерттей отырып, алғаш рет ХХ ғ. 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басындағы ауылдың ашаршылыққа ұшырауы және қуғын-сүргінді жан-жақты қарастырды [8].

Қазіргі таңда қарастырылып отырған кезеңдегі, яғни бірінші бесжылдық жылдарындағы астық дайындау мәселесі жаңа мәнге ие болуда. Ең алдымен, зерттеушілер сталиндік ұжымдастырудың және жалпы «жоғарыдан келген революцияның» себептері және елдің аграрлық дамуы үшін ұжымдастыруды жүргізудің қаншалықты қажеттілігі болғандығы мәселесі қарастыруда.

1930 жылдардағы шаруа көтерілістерін астық дайындау науқанымен байланыста қарастырған шетелдік еңбектер шыға бастады. Европалық автор Андреа Грациози Қазақстандағы 1928 жылдан бастап астық дайындау жоспары мен өнімнің жалпы көлемінің өсуі шаруаларды қанау арқылы жүзеге асқандығы көрсетеді [9,56-57б.]. Француз тарихшысы Изабель Огайон [10,128 б.] өз зерттеуінде қазақ шаруаларын күштеп отырықшыландыру саясатын зерделейді, онда астық дайындау жоспарының үздіксіз өсуі және астық дайындау науқаны кезеңінде шаруалардың наразы болғандығы жөнінде жалпылама мәліметтер келтірген. Неміс тарихшысы Роберт Киндлердің зерттеуінде астық дайындау науқаны барысындағы асыра сілтеу мен жергілікті «кеңес үкіметінің белсенділерінің» озбырлығы баяндалады [11,143 б.]

Астық дайындау науқанындағы өкіметтің күштеу шаралары жөніндегі құжаттар енгізілген «Қазақ ауылының трагедиясы» екі томдық жинағын арнайы атап өткен орынды [12,29б.]. Соңғы кездері жарық көрген көлемді деректер жинағы ретінде «Ашаршылық. Голод. 1928-1934 жж.» атты 3 томдық құжаттар жинағын атауға болады [13].

Тарихшы Б. Әбдіғали жауапты редактор болып жинаққа Қазақстанда және Ресейде бұған дейін жарық көрген құжаттармен қатар жаңа құжаттар да енгізілген. Мақаланың

деректік негізін жарияланған құжаттар мен материалдар жинағынан басқа Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві құжаттары құрайды.

XX ғ. 20-шы жылдарының соңында ұжымдастырумен қатар астық дайындау науқаны да қызу жалғасты. Дегенмен, 1927-1928 жж. мемлекет астық сатып алудың күрделі дағдарысына тап болды. Жақсы өнім алғанымен, мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсыру айтарлықтай қысқарды. Ел индустрияландыруға қажетті қаржысыз қалды. Оның үстіне қалалардың азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне қауіп төнді. Сталин астық дағдарысының себептерін кулактардың қарсыласуының күшеюінен көріп, қиындықтарды жеңудің бірден-бір жолы – астықты жасырғандарға қарсы шұғыл шаралар қолдану және сонымен бірге астық жинау қарқынын жеделдету деп санады.

1928 жылғы астық дайындау жоспарын тез әрі сөзсіз орындау мақсатында Бүкілодақтық коммунистік партияның Орталық Комитеті жергілікті партия ұйымдарына бірқатар қатаң нұсқаулар қабылдады. Сонымен, 1927 жылдың желтоқсан айында Бүкілодақтық коммунистік партияның Орталық Комитеті жергілікті жерлерге астық дайындауды күшейту туралы директиваларын жіберді, онда ұжымдастыру шараларымен бірге барлық төлемдерді жинауды күшейту ұсынылды. 1928 жылы 5 қаңтарда КСРО Бүкілодақтық коммунистік партиясы Орталық Комитетінің И.В. Сталин басқарған комиссиясы дайындап, 6 қаңтарда елді мекендерге жіберілген хабарламада бір апта ішінде астық сатып алуды түбегейлі өзгерту туралы үзілді-кесілді талап қойылды. Ауылдық жерлерден бірыңғай ауыл шаруашылығы салығы, мемлекеттік сақтандыру, несие және т.б., шаруа төлемдерін 1928 жылдың 1 наурызына дейін жинауды қатаң белгіледі. Барлық төлемдер бойынша берешекті өндіріп алу кезінде «тез арада, ең алдымен кулактарға қарсы қатаң жаза қолдану ұсынылды. Ауыл шаруашылығының бағасын жымқыратын кулактар мен алыпсатарларға қарсы арнайы репрессиялық шаралар қажет болды.

Архив дерегінде астық науқанын дайындаудағы кемшіліктері ретінде жергілікті басқару ұйымдарының жіберген қателіктері деп көрсетіледі және жазалану қажеттілігі айтылады. «Райкомы ячейки – объективно потерялы свою классовую линию, вместо организации бедноты в союзе с середняком для решительного наступление на кулака и баябьют безпощаднейшим образом по хозяйственному стимулу средняка и бедняка, иного выводы сделать нельзя» Одан әрі бұл жағдайды одан әрі жалғастырмай, аудан басшылығынан келеңсіздіктерге шыдамдылық пен көзқарасын түбегейлі өзгертуді талап етіп, партияның директиваларын бұлжытпай орындауға мәжбүрлеу қажеттілігі айтылды. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, төмендегідей міндеттер қойылады: «1. Кедей

және орта шаруа қожалықтарына қатысты астық дайындау науқаны барысында жіберілген қателіктерді түзету бөлігінде біздің директиваларымыздың орындалуын тексеру нәтижелерін жариялай отырып, тексеруге кірісу....Таптық ұстанымды бұрмалаған адамдарды дереу анықтап, оларды партиялық жауапкершілікке, тіпті егер істің мүддесі талап етсе, қылмыстық жауапкершілікке тарту, кейбір жағдайларда аса арам пиғылды бұрмалаушыларға қарсы сот ісін ұйымдастыруға мүмкіндік беру; 3. Барлық делегаттарға олардың орта шаруаларға қатысты жіберген азғантай қателігі тек партиялық бағытты әдейі бұрмалау ретінде бағаланып, аяусыз жазаланатынын ескертсін». Осылайша 22 желтоқсанға дейін осы хаттың мазмұны бойынша қабылданған шаралар туралы жазбаша есеп ұсынсын деп, хатшылардың қолы қойылып құжат аяқталады [14].

Партия аудандар мен ауылдарға «күзетшілер» мен «жұмыс отрядтарын» жіберіп, оларға жасырылған артық астықты табуды тапсырды. Базарлар жабыла бастады, шаруа қожалықтарында тінтулер жүргізіліп, қомақты астық қоры ғана емес, сонымен бірге қолында артық астығы барлар да жауапқа тартылды. Шаруа қожалықтарында астықтың артығын жинап алу тінту, қамауға алу және бас бостандығынан айыру және ату жазасын шығарған соттардың көмегімен жүзеге асырылды. Колхоздар астықтың барлық қорын, соның ішінде тұқым қорын да тартып алды, мал шаруашылығы аудандарына да астық тапсыру міндеттемесі жүктелді, қазақтар оны орындау үшін малын нанға ауыстыруға мәжбүр болды. Артық өнімдерді осылайша тартып алу және репрессия дағдарысты одан әрі ушықтырды. Осылайша мемлекет 1926 жылғыдан сәл ғана артық астық жинады. Қазақстанда 1927 жылы 430 миллион пұт жиналса, келесі жылы 1928 жылы небәрі 300 миллион пұт жиналып, жалпы егіс алқаптарының азаюы басталды. Ақтөбе облыстық Округтық Комитеті ауылдағы жағдайды дұрыстау үшін мынадай міндеттер белгіледі: 1) Билік пен партияның нұсқауын іске асырудың салғырттығын табанды түрде тоқтату, саяси, бұқаралық-ұйымдастыру жұмыстарын өрістетуге бойынша ОК-нің бұрын берілген директиваларын толық орындау үшін нақты, жауынгерлік жұмыстарды орнатуға дереу қол жеткізу керек. Әсіресе, астықтың артығын ұстап отырған кулактарға, байларға әлеуметтік-экономикалық бойкот жариялауды қамтамасыз ету қажет. Комиссиялардың жұмысын күшейту, астық дайындауды ілгерілету, қабырға газеттерін ұйымдастыру, тақтаны дұрыс пайдалану және т.б. директиваларды неғұрлым батыл орындау қажет. 2) Шын мәнінде коммунистердің астықтың артығын тапсыруын дереу тексеру қажет. Астықтың артығын бермеген коммунистерді партиядан шығару қажеттілігіне назар аударылды..... 5) Әділет халық комиссариатының 25 ақпандағы № 10 қаулысына сәйкес кулактарды, байларды, ірі мөлшердегі артық астық ұстаушыларды

және қасақана астық тапсырмағандарды РСФСР ҚК 61-ші бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартуды бастау керектігі айтылды [14].

Сот және тергеу органдары арқылы жасалатын бұл циркулярдың мазмұны, ең алдымен, жиналыстың шешімінен кейін, астықты, байды немесе көп астық тапсырған адамды, артық астықты тапсыруға міндеттеу, шаруаларға астықтың артығын тапсыруға мәжбүрлеу еді. Осыған орай шұғыл түрде артық астықты мемлекетке толық және дереу тапсыру туралы қаулылар қабылдау қажет болды. Бұл шешімдер қабылданған соң жедел-іздістіру әрекеттері немесе сот-тергеу органдары мен полицияның іздеу салулары арқылы кулактарды, байларды, жауларды немесе мол астық беретіндерді анықтауға кірісті. Бұл шара тек қана астықтың артығын «қасақана бермейтін» кулактар мен байларға, ірі астық ұстаушыларға қатысты қолданылды. Астықтың артығы меншік иесінің өзінің қатысуымен және куәгерлердің қатысуымен астық қоймаларын тексеру актісін жасау арқылы анықталды және барлығы тексеру актісіне жазылды. Артық астықтың қажетті көлемін шаруашылықта және тұқымдық материалда тұтынуға қажетті мөлшерден шегеріп белгіленетін болды. Аталған шаралардың барлығын сот және тергеу аппаратының қызметкерлері атқарды.

1928 жылдың қаңтарынан бастап РСФСР Қылмыстық кодексінің 107-бабы Мемлекеттік бағамен «артық» астығын беруден бас тартқан адамдарға қолданыла бастады. Ол бойынша сот жауапкершілігіне тарту ұсынылды (мүліктің барлығын немесе бір бөлігін тәркілеумен немесе үш жылға дейін бас бостандығынан айыру). Соттар мұндай істерді ерекше шұғыл түрде жүргізді. Астық дайындау акциялары жаңадан құрылған колхоздардың қарсылығына тап болды. Сол кезде көптеген басшылар өндірістің ауылшаруашылық-артельдік түрін кеңейту туралы шешімдер көбінесе индустрияландыруды жинақтау қорына ауылдың артық өнімін ыңғайлы және жанжалсыз өндіруді қамтамасыз ету міндетімен анықталғанын әлі толық түсінбеді.

Мемлекет мүддесін желеу етіп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа да түрлерін жинау кезінде де заңсыздықтар орын алған. Сөйтіп, «бірқатар жерлерде жүннің мөлшерін көбейту үшін қыстың қақаған аязында қой қырқып, малдың шығынға ұшырауына себепкер болды. «Средняк аула №10, Иргизского района Дусейнов Исмагул придя в РИК, стал жаловаться на то, что уполномочен по заготовке шерсти от Иргизского животноводсоюзе отказывается принимать вместо шерсти, новые кошмы, заставляет зимой производить стрижку баранов, а в случае не сдачи шерсти угрожает отдачей под суд по ст. 61 УК. Присутствующий при этом разговоре бедняк п. Иргиза Сагатов сказал: «я знаю одного гр. из №28 аула Изтлеуова который также остриг своих баранов, на зиму выпустил их гулять в

степь, а они там померали», – дейді [15, 304 пп.]. Осындай жағдайда кейбіреулер астық іздеп малшылар мен егіншілердің ауылына барып егіннің қалдықтарын жинап жүрді. Тірі қалудың жалғыз үміті болған қолдарындағы азғантай астығы түгелдей сыпырылып алынды. Міндетті астық сатып алу, барлық қисынға қарамастан, таза мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда шаруа қожалықтары барларға да таратылды. Қарсылық жасады деп айыптаудан қорқып, қарапайым шаруа малдарын астыққа айырбастап, сатып алу есебінен соңғысын тапсыруға мәжбүр болды. Осының салдарынан тұтыну деңгейі өзінің ең төменгі шегіне түсіп кетті және бұл тез ашаршылыққа алып келді.

Шаруашылықтардың жекелеген топтары астық өнімдерін тапсырудан бас тартқан кезде РСФСР Қылмыстық кодексінің 61-бабының 3-бөлігіне қатысты билікке қарсылық ретінде қылмыстық қудалау тәртібі жүргізілді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау науқаны мен күштеу және салық саясаты шаруаларға қатты соққы берді. Қабылданған акциялардың ашық заңсыз сипатын жабу үшін билік РСФСР Қылмыстық кодексінің 107-бабының күшін кеңейтіп, «тауарларға бағаны қасақана көтеру, оларды жасыру немесе нарыққа шығармау» үшін қылмыстық жазаны және «жалпымемлекеттік маңызы бар міндеттерді орындаудан бас тарту» үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін РСФСР Қылмыстық кодексінің 61-бабын анықтады.

Астық дайындау науқаны барысында Қазақстанда шаруаларға қарсы ауқымды қуғын-сүргін жүргізілді. Анықталған мұрағаттық деректер бойынша Қазақстанда 34 мыңнан астам «байлар мен кулактар» сотталып, олардан 631 мың пұт астық тәркіленді. Тәркіленген өнім астық дайындау жоспарының бір пайызына да жетпейді. Демек, сатып алудың негізгі ауыртпалығы орта және кедей шаруаларға түсті. Егіні мүлде болмаған көшпелі қазақ шаруашылықтары да астық дайындаудың міндетті жоспарына бағынды. Олар мал сатып, астық сатып алуға немесе шетелге көшуге мәжбүр болды [8,С.77]. Бүкіл халықтың қалың бұқарасын қамтыған науқан нәтижесінде болған саяси үдерістердің барлығы ауылдың да, губерниядағы бүкіл партия ұйымының бет-бейнесін айқындап берді. Бұл барлық жұмыстарды тексеру, жүріп жатқан процестерді анықтау және партия ұйымының алдағы уақыттағы міндеттерін айқындау үшін осы процестерді олардың шынайы көріністерінде жан-жақты зерттеу қажеттілігін меңзейді.

1930 ж. жазылған архивтік құпия құжаттарда орташа шаруалардың артық астықтарын үкіметке тапсырмай отырғандығын баяндайды. «Что-бы не быть голословным, приведем несколько фактов: в Мартукском районе обложено в индивидуальном порядке 80 средняцких хозяйств; в Илекском районе невыполненные баями твердые задания; были

разверстаны по средняцким и даже бедняцким хозяйствам; в Могоджановском районе осуждены 60 бедняков, также имели места случаи, когда отдельные бедняки и средняки сдавали вместо хлеба другие виды продуктов (картофель и проч) покупая из вне; в Актюбинском районе отдельные уполномоченные (Испанов) заставляли бедняков и средняков выполнять свои обязательства путем покупки хлеба из вне, что повлекло за собой массовую продажу скота». Бұл деректерден байлармен қатар, орташалар мен кедей шаруалардың сотталғанын көреміз, жергілікті үкіметтің күштеу шаралары, жазалау әдістері байқалады [14,20-26]. Деректерде астық сатып алу кезінде 31 мыңға жуық шаруа қуғын-сүргінге ұшыраған, 1928 жылдың 1 қазанынан 1929 жылдың 1 желтоқсанына дейін 277 шаруа атылған [16].

Қорытынды. Сөйтіп, ХХ ғ. 30-жылдары Кеңес үкіметі саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін ауылға ықпал етудің әкімшілік-әміршіл, мәжбүрлеу және репрессиялық әдістерін кеңінен қолданды. «Колхоз құрылысының жеңісі» қамтамасыз етілген кезде де, қуғын-сүргін тоқтаған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, қуғын-сүргін, зорлық-зомбылық ауылда социализм құрудың ең маңызды әдісі болды және солай болып қала берді. Одан кейінгі астық сатып алулар бұрынғылар сияқты тек индустрияландыру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталды. Олар әкімшілік-репрессиялық әдістермен жүзеге асырылды, өйткені жоспарлау механизмі оны тікелей өндірушілердің мүдделеріне қарамастан кеңестік ауылдан мүмкіндігінше көбірек астықты алып кетуді көздеді. Астық сатып алудың нәтижелері қарама-қайшы болды. Бір жағынан, Кеңес мемлекеті астық экспортын ұлғайту және бірінші бесжылдықтың жоспарын қамтамасыз ету үшін астық алуға қол жеткізсе, екінші жағынан ауыл тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етуді күрт нашарлатып, мал шаруашылығын әлсіретіп жіберді, миллиондаған кеңес шаруаларын аштыққа ұшыратты. Ең сорақысы, астық науқаны жүзеге асыруда кедергілер ретінде байлар, кулактар танылып, оларға қысым жасалды, жер аударылды, мал-мүлкі тәркіленді. «Астықтарын тықты деген желеумен» орташалар мен кедей шаруаларды да бас бостандығынан айыру, мәжбүрлі жұмысқа салу, олардың шаруашылықтарын сату және өздерін соттау, жер аудару жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Дахшлейгер Г.Ф., Нурпейсов К.Н. История крестьянства Советского Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 247 с.

2. Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянства переселений а Казахстане. – Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР. 1950. – С.101.;
3. Жумабеков Ж. Ленинской дорогой. Руководство КПСС. Вовлечение трудового крестьянства Казахстана а строительство социализма. –Алма-Ата: Казахстан, 1973. –288 с.
4. Козыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. Оқу құралы. – Алматы; Қазақ университеті, 1992. –272 б.
5. Абылхожин Ж., Козыбаев М,К,, Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории 1989. №7.С.51-59.
6. Омарбеков Т. Зобалаң. Алматы: Санат, 1994. –272 б.; XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы.- Алматы: Казакпарат, 2001. –397 б.
7. Козлов А.П. Хлебозаготовительный кризис 1927-1928гг. в Казахстане и его последствия / Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2013. № 4. Ч.2. С. 56-60.
8. Ивницкий Н.А. Репрессивная политика советской власти а деревне (1928-1933 гг.). РАН. Ин-т рос. истории, Университет г. Торонто (Канада). – М., 2000. -350 с.
9. Грациоза А. Великая крестьянская война в СССР. Большевики крестьяне. 1917-1933 гг. М.: Рос Поит. Энцикл. (РОССПЭН) 2008. –136 с.
10. Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 гг.) (пер. с. фр. А.Т. Ракишева: сост. Б.М. Сужиков). – Алматы: Санат, 2009. –365 с.
11. Киндлер Р. Сталинское кочевники: власть и голод в Казахстане (пер. с.нем. Л.Ю. Пантиной)). –М.: Полит.энцикл. 2017. – 382 с.
12. Трагедия казахского аула. 1928-1934 гг.: сб.док/ сост. А.С. Зулкашева. Т.1. – Алматы: Раритет. 2013. –744 с.
13. Ашаршылық. Голод. 1928-1934 гг. Документальная хроника; сб. док. Т.1.; 1928-1929 гг., –920 с. Т.2. 1930-1931 гг. –1240 с. Т.3. 1932-1934. -1028 с./ Отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Нур-Султан. – Алматы: Атамұра, 2021.
14. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, 20-қ.,1-т., 22 -іс, 20-26 пп.
15. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві 63-қ., 2-т.,5 - іс, 304 пп.
16. <https://istmat.org/node/20293>

References

1. Dakhshleiger G.F., Nurpeisov K.N. (1985) Istorija krest'janstva Sovetskogo Kazahstana [History of the peasantry of Soviet Kazakhstan]. – Alma-ata: Nauka, –247 p. [In Russian].
2. Tursunbaev A.B. Iz istorii krest'janskikh pereselenij v Kazahstane (1950). [From the history of peasant migrations in Kazakhstan]. – Alma Ata: Ed. Academy of Sciences of the Kazakh SSR. p.101.; [In Russian].
3. Zhumabekov Zh. Leninskoj dorogoj. Rukovodstvo KPSS. Vovlechenie trudovogo krest'janstva Kazahstana v stroitel'stvo socializma (1973) [Lenin road. Leadership of the CPSU. Involvement of the working peasantry of Kazakhstan in the construction of socialism] –Alma-Ata: Kazakhstan, – 288 p. [In Russian].
4. Kozybaev M. Ақтаңдақтар ақиқаты. Оқу қыралы (1992) [The truth of Aktangdak]: Textbook. – Almaty: Kazakh University, –272 b. [In Kazakh].
5. Abylkhozhin Zh., Kozybaev M.K., Tatimov M.B. Kazahstanskaja tragedija (1989) [Kazakh tragedy] // Voprosii istorii.. No. 7. P.51-59. [In Russian].
6. Omarbekov T. Zobalan (1994) [Zobalan]. Almaty: Sanat, – 272 b.; [XX ғасырдagy Kazakhstan tarikhynyn өзекти маселеleri (2001) [Actual problems of the country in the 20-30 years 20 centry]. Textbook. – Almaty:, –397 b. [In Kazakh].
7. Kozlov A.P. Hlebozagotovitel'nyj krizis 1927-1928gg. v Kazahstane i ego posledstvija (2013) [The bread Crisis of 1927-1928 gg. In Kazakhstan and its consequences]. Historical, philosophical, political and legal sciences, culture and art. Theory and practice. Voprosy istorii. Tambov: Diploma, No. 7. Part 2. S. 56-60. [In Russian].
8. Ivniitsky N.A. Repressivnaia potika sovetskoi vlasti v derevne `1928-1933gg. (2000) [The repressive policy of Soviet power in the village (1928-1933)]. RAS. In-t grew up. History, University of Toronto (Canada). – M.-350 p. [In Russian].
9. Graciosa A. Velikaia krestianskaia voina v SSSR. Bolsheviki i krestiane 1917-1933.(2008) [The Great Peasant War in the USSR. Bolsheviks and peasants. 1917-1933]. – Moscow: Ros Polit. Enzcl. (ROSSPEN), –136 p. [In Russian].
10. Ohion I. Sedentarizacija kazahov SSSR pri Staline. Kollektivizacija i social'nye izmenenija (2009) [Sedentarization of the Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and social changes (1928-1945)]. (translated from French by A.T. Rakishea: compiled by B.M. Suzhikov). –Amaty: Sanat, –365 p. [In Russian].
11. Kindler R. Stalinskie kochevniki: vlast i golod v Kazakhctane. (2017) [Stalin's nomads: power and hunger in Kazakhstan]. (translated from German by LYu. Pantina). –Moscow: Polit. encycle. –382 p. [In Russian].

12. Tragrdia kazakhskogo ayla 1928-1934gg. (2013) [The tragedy of the Kazakh village. 1928-1934 y.]: Sat. Doc/ comp. A.S. Zulkashev. – Т.1.–Almaty: Rarity, –744 p. [In Russian].

13. Asharshylyk. Golod. 1928-1934.(2021) [Hunger] Documentary Chronicle: Sat. Doc. Т.1.: 1928-1929. – 920 p.; Т. 1930-1931. –1240 s.; Т.3.1932-1934. –1028 s. / Responsible editor: B. Abdigaliuly. – Nur-Sultan. – Almaty: Atamura [In Russian].

14. Aktobe oblystyk memlekettik arhivi 20 k. 1.-t. 22- is 20-26 pp. [Aktobe regional state archive], F.20, I-1. D.1.C.341. 2-p. [In Russian].

15. Aktobe oblystyk memlekettik arhivi 63-k.. 2-t. 5-is. 304-p. [Aktobe regional state archive] F.63, I-2. D.5.C.304-p. [In Russian].

16 . <https://istmat.org/node/20293>.

ПРИНУДИТЕЛЬНЫЕ МЕРЫ В РЕАЛИЗАЦИИ ХЛЕБОЗАГОТОВОК В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА

ЕСПЕНБЕТОВА А.М.

Актобинский региональный университет имени К. Жубанова, Казахстан (Актобе),

E-mail: aikami@mail.ru

Аннотация. Статья посвящена истории развития сельского хозяйства Казахстана в период правления Советской власти в 30-е годы XX века. 30-е годы XX века является одной из тяжелых и трагических периодов в истории Союза советских социалистических республик. В статье анализируются принудительные меры и перегибы о ходе и реализации мясозаготовительной и хлебозаготовительной кампании, о принудительной седентаризации крестьян, тогда как в то время политика Советской власти в отношении сельского хозяйства в основном была направлена только на развитие и продвижение социалистического строительства. Автор уделяет внимание, что независимо от потенциала колхозов в реализации кампании по производству зерна, чрезмерно повышенные планы, основанные на простой лозунговой политике и принудительной мере по их исполнению, привели к политическому, либо уголовному преследованию, конфискации имущества и депортации.

Исследование имеющихся архивных материалов показывает, что с целью ликвидации кулачества как класса их намеренно лишали собственности, применялись принудительные методы борьбы для обвинения как среднего класса, так и бедноты обвиняя их в «умышленном укрытии зерна», а также предъявлялись различные обвинения против тех, кто выступал против советской власти, в результате которой последние были привлечены к различным уголовным наказаниям.

Ключевые слова: сельское хозяйство, общество, хлебозаготовка, репрессия, меры принуждения

FORCIVE MEASURES IN THE SALES OF GRAIN PROCUREMENTS IN THE 30-YEARS OF THE XX CENTURY

YESPENBETOVA A.M.

Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Kazakhstan (Aktobe)

E-mail.ru aikami@mail.ru

Abstract. The article is devoted to the history of the development of agriculture in Kazakhstan during the reign of Soviet power in the 30s of the 20th century. The 30s of the twentieth century is one of the difficult and tragic periods in the history of the Union of Soviet Socialist Republics. The article analyzes coercive measures and excesses on the course and implementation of the meat procurement and grain procurement campaign, on the forced sedentarization of peasants, while at that time the policy of the Soviet government in relation to agriculture was mainly aimed only at the development and promotion of socialist construction. The author pays attention to the fact that regardless of the potential of collective farms in implementing the grain production campaign, excessively increased plans based on a simple slogan policy and coercive measures for their implementation led to political or criminal prosecution, confiscation of property and deportation.

A study of available archival materials shows that in order to eliminate the kulaks as a class, they were deliberately deprived of property, coercive methods of struggle were used to accuse both the middle class and the poor, accusing them of “deliberately hiding grain,” and various charges were brought against those who spoke out against the Soviet regime, as a result of which the latter were subjected to various criminal penalties.

Keywords: agriculture, society, grain procurement, repression, coercive measures